

**Аудандық мәслихаттың 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 273 "2020-2022 жылдарға арналған Құмтоғай ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

Ақтөбе облысы Бірғыз аудандық мәслихатының 2020 жылғы 26 наурыздағы № 294 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 1 сәуірде № 6950 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 9-1, 109-1 баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес, Бірғыз аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Аудандық мәслихаттың 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 273 "2020-2022 жылдарға арналған Құмтоғай ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 6734 тіркелген, 2020 жылғы 16 қаңтардағы Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1-тармақта:

1) тармақшасында:

кірістер "52 452" сандары "54 907" сандарымен ауыстырылсын:

оның ішінде:

трансферттер түсімі "50 523" сандары "52 978" сандарымен

ауыстырылсын;

2-тармақшасында:

шығындар "52 452" сандары "54 907" сандарымен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 5-1- тармақпен толықтырылсын:

"5-1. 2020 жылға арналған Құмтоғай ауылдық округ бюджетінде аудандық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер көзделсін:

дендрологиялық жоспар әзірлеуге 2455 мың теңге."

2. Көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Бірғыз аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Біргыз аудандық мәслихатының 2020 жылғы 26  
наурыздағы

№ 294 шешіміне қосымша

"Біргыз аудандық мәслихатының аппараты" ММ

2020 жылғы 6 қаңтардағы № 273 шешіміне 1-

қосымша

## 2020 жылға арналған Құмтоғай ауылдық округ бюджеті

Санаты					Сомасы (мың теңге)
Сыныбы					
Ішкі сыныбы					
Атауы					
1	2	3	4	5	
			I. Кірістер	54 907	
1			Салықтық түсімдер	1 909	
	01		Табыс салығы	320	
		2	Жеке табыс салығы	320	
	04		Меншікке салынатын салықтар	1 589	
		1	Мүлікке салынатын салықтар	22	
		3	Жер салығы	46	
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	1 521	
2			Салықтық емес түсімдер	20	
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	20	
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	20	
4			Трансферттердің түсімдері	52 978	
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	52 978	
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	52978	

Функционалдық топ					Сомасы (мың теңге)
Кіші функция					
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі					
Бағдарлама					
Атауы					
1	2	3	4	5	
			II Шығындар	54 907	
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	18 804	
	1		Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	18 804	
		124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	18 804	
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	18 194	

		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	610
04			Білім беру	31 988
	1		Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	31 988
		124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	31 988
		041	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыру	31 988
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	4 115
	3		Елді мекендерді көркейту	4 115
		124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	4 115
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	669
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	440
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	3 006
			III. Таза бюджеттік кредиттеу	0
			Бюджеттік кредиттер	0
			IV. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржы активтерін сатып алу	0
			V. Бюджет тапшылығы (профициті)	0
			VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК